КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 20 мамыр № 5165-26-00-2/1189 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.И.Оңласов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сайрам ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ТҰРСЫНМАМЕТ» Қанат Асқатұлы Тұрсынмамет

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Сайрам ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ТҰРСЫНМАМЕТ» Қанат Асқатұлы Тұрсынмамет мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ТҰРСЫНМАМЕТ» Қанат Асқатұлы Тұрсынмаметтен мемлекет пайдасына 64,80 (алпыс төрт) теңге 80 тиын тұрақсыздық айыппұл және 2 165 (екі мың бір жүз алпыс бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 20.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 29.06.2026, судья Абуев Б. Б., 29.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **М.И. Оңласов**

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 20.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 29.06.2026, судья Абуев Б. Б., 29.06.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5165-26-3-1/1144